

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілері жүзеге асыратын сатып алынған борыштық бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 6 маусымдағы N 65 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 11 наурыздағы N 21 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4177. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы N 135 Қаулысымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы N 135 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілері жасайтын сатып алынған борыштық бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебін нақтылау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Б а с қ а р м а с ы **Қ А У Л ы** **Е Т Е Д І :**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3735 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілері жүзеге асыратын сатып алынған борыштық бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 6 маусымдағы N 65 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілері жүзеге асыратын сатып алынған борыштық бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта :

2-тармақ "жүзеге асыратын" деген сөздердің алдынан "меншікті активтері есебінен" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа

е н г і з і л е д і .

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне, жинақтаушы зейнетақы қорларына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және сақтандыру брокерлеріне жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны алған күннен бастап жеті күндік мерзімде оны банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш.Тәжіяқовқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*